



KASE клиринг орталығы  
Клиринговый центр KASE  
KASE Clearing Centre



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

16 қаңтар 2025 жыл

### **KACC Thomas Murray-дің CPMI-IOSCO PFMI қағидаттарына сәйкестігін бағалаудан сәтті өтті**

"KASE Клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – KACC, Клирингілік орталық) саудадан кейінгі тәуекелдерді бағалау жөніндегі Thomas Murray британдық фирмасы CPMI-IOSCO PFMI стандарттарына сәйкестігіне бағалаудың сәтті өткендігі туралы хабарлайды.

CPMI-IOSCO PFMI (principles of financial market infrastructure) – бұл өз жұмысында қаржы нарығының инфрақұрылымдық ұйымдары, оның ішінде кредиттік және операциялық тәуекелдерді бақылау және мониторингілеу, корпоративтік басқару, жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу, өтімділікті басқару, дефолт-менеджмент және т. б. стандарттарын қоса алғанда, орталық контрагенттер ұстануы тиіс 24 халықаралық негіз қалаушы қағидаттар.

24 қағидаттың 18 қағидаты орталық контрагенттің қызметіне жатады. Thomas Murray-дің бағалауына сәйкес Клирингілік орталық өз жұмысында осы принциптердің барлығын сақтайды. Клирингілік орталық алған PFMI қағидаттарына сәйкестікті бағалаудың халықаралық стандарттарына сәйкес қорытынды баға - "Broadly observed".

#### **Анықтама үшін**

"KASE Клиринг орталығы" АҚ KASE еншілес ұйымын– ЖШС "eTrade.kz" қайта құру жолымен құрылды және 2022 жылдың 21 маусымында тіркелген.

Thomas Murray 1994 жылы банк, бағалы қағаздар және инвестициялық қызметтерге мамандандырылған рейтингтік, ақпараттық және технологиялық фирма ретінде құрылды. Бүгінгі таңда Thomas Murray Ltd ("TM") бүкіл әлемдегі клиенттерге консультативтік қолдау көрсетеді. TM 100-ден астам нарықтағы кастодиандарды, орталық депозитарийлерді және Орталық контрагенттерді қоса алғанда, жергілікті нарықтық инфрақұрылымдардың тәуекелдерін зерттеуге, әдістемелерге және кешенді бағалауға сүйенеді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)